

ХАТТАМА

Құрманғазы аудандық ауруханасы

«15» қыркүйек 2025 жыл

Төрағалық етуші: Директор С.У.Зулкашева.

Хатшылықта: Заңгер Э.Г.Мұғалім.

Қатысқанда: Медицина қызметкерлері.

Жиналыс тақырыбы: Қоғамға жат мінез-құлықтың алғышарттарын жою және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту шаралары

Күн тәртібі:

1. Қоғамға жат мінез-құлықтың алдын алу.
2. Жоғары деңгейдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту.
3. Арнайы бағдарламалар мен шараларды қабылдау.

Қоғамның тұрақты дамуы мен азаматтардың сенімін нығайтудың басты шарттарының бірі – қоғамға жат мінез-құлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі күрес жүргізу.

Сыбайлас жемқорлық – тек заң бұзушылық емес, ол қоғамның іргетасын шайқалтатын, әділдікке, теңдікке және даму үдерісіне кері әсер ететін құбылыс. Сондықтан оның алдын алу – баршамыздың ортақ міндетіміз.

1. Жиналыс төрағасы С.У.Зулкашева қоғамға жат мінез-құлықтың алдын алу үшін түсіндіру, профилактикалық жұмыстардың маңыздылығын атап өтті.

2. Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін зияны, мемлекеттік қызметке, ұйым жұмысына кері әсері айтылды.

3. Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін арнайы ішкі бағдарлама қабылдау, комплаенс қызметін күшейту қажеттігі талқыланды.


Қорытынды:

Қоғамға жат мінез-құлық пен сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жою мүмкін емес болуы мүмкін, бірақ оны барынша азайтып, алдын алу – біздің қолымызда. Ол үшін заңның үстемдігі, ашықтық, әділдік және халықтың сенімін сақтау – басты қағидат болуы тиіс.

Әрқайсымыз өз орнымызда адал еңбек етіп, әділдікті сақтасақ, қоғамымыздың дамуына, болашақ ұрпақтың жарқын өміріне үлес қосамыз.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

The image shows two handwritten signatures in blue ink. The first signature, for the Chairman, is written over a horizontal line and is a stylized, cursive script. The second signature, for the Secretary, is also written over a horizontal line and is a more fluid, cursive script. Both signatures are positioned to the right of their respective labels.